

15 қыркүйек
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

АДАЛДЫҚ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ БАСТЫ ҚАҒИДАТЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫ АЙБЕК ШІЛМАНОВ БАСТАҒАН ОБЛЫСТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТ ТОБЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ ІС-ШАРА ӨТТІ.



Жұмыс сапарының алғашқы шарасы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы аудандық форум болды. Аудандық мәдениет үйінде «Ашық диалог» алаңы форматында өткен жиынға 200-ден астам адам қатысты. Олардың қатарында ардагерлер мен қоғам белсенділері, жастар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, депутаттар және бизнес қауымдастығының мүшелері болды. Форум барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, құқықтық мәдениетті арттыру, мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету және азаматтық бақылауды күшейту мәселелері талқыланды. Департамент басшысы Айбек Шілманов, аудан әкімі Асқар Қазыбаев, ақпараттық-насихат тобының мүшесі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірінші медиа-орталығы

облыстық филиалының жетекшісі Әсел Мұстафина сөз сөйлеп, қоғамда адалдық мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды. Жиын барысында аудан тұрғындары мен белсенділері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, мемлекеттік қызметтердің сапасы мен ашықтығын арттыру жөнінде өз ұсыныстарын білдірді. Көтерілген мәселелер назарға алынып, оларды шешу жолдары талқыланды. Жұмыс сапары барысында аудан тұрғындары үшін қоғамдық қабылдау да ұйымдастырылды. Қабылдауға келген азаматтар өздерін толғандырған мәселелерін тікелей жеткізіп, тиісті түсіндірмелер алды. Атап айтқанда, мемлекеттік қызмет көрсету сапасы, әлеуметтік қолдау шаралары және аудан көлеміндегі өзге

де өзекті мәселелер бойынша сұрақтар қойылды. Әрбір өтініш мұқият тыңдалып, заңнама аясында түсіндірме беріліп, көтерілген мәселелердің оңтайлы шешу жолдары қарастырылды. Сонымен қатар департамент басшысы аудан активімен кездесіп, мемлекеттік қызмет саласындағы өзгерістерге тоқталды. Кездесуде Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңға сәйкес енгізілетін негізгі бағыттар түсіндірілді. Оның ішінде мемлекеттік қызметті халыққа бағдарланған сервистік модельге көшіру, мемлекеттік аппараттың кәсіби әлеуетін арттыру және кадрлық процестерді цифрландыру мәселелері айтылды. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметтегі адалдық мәдениетін қалыптастыру, қызметтік әдеп нормаларын сақтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

бағыттарына ерекше мән берілді. Ақпараттық-насихат тобының мүшесі, мемлекеттік қызмет ардагері Серік Ботағарин сөз сөйлеп, мемлекеттік қызметшілер үшін адалдық, отансүйгіштік пен жауапкершіліктің маңызын атап өтті. Ойыл ауданындағы жұмыс сапары барысында өткен кездесулер мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды жетілдіруге арналды. Ашық форматтағы жиындарда көтерілген ұсыныстар мен мәселелер алдағы жұмыстарда ескеріліп, тиісті бағыттар бойынша нақты шаралар қабылданып болады.

Гаухар АБАЙҚЫЗЫ.

“KITAP FEST – 2026”



Ойыл аудандық орталық кітапхана және аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Kitap Fest – 2026» кітап фестивалі аясында «Кітаппен бір күн – мың ойға бастар жол» атты ашық аспан аясындағы кітап фестивалі өткізілді. Кітап – адамды ойлануға, ізденуге, жаңа дүниені тануға жетелейтін рухани қазына. Осы мақсатта ұйымдастырылған фестиваль оқырман мен кітапты жақындастырып, кітап оқуды насихаттауға, оқу мәдениетін қалыптастыруға және тұрғындардың әдебиетке

деген қызығушылығын арттыруға бағытталды. Ашық аспан астында ұйымдастырылған шара барысында келушілер назарына мазмұнды кітап көрмелері ұсынылып, көркем әдебиет, балалар әдебиеті, танымдық және заманауи шығармалар таныстырылды. Оқырмандар өздеріне ұнаған кітаптарды таңдап, кітапхана қорындағы жаңа басылымдармен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды. Фестивальдің ерекше бөлігін балалар мен жас оқырмандарға арналған қызықты ойындар, әде-

би-танымдық сұрақтар, кітапқа байланысты тапсырмалар мен шығармашылық алаңдар құрады. Балалар кітап кейіпкерлері әлеміне саяхат жасап, өздерінің білімдері мен тапқырлықтарын сынады. Әдеби ортада еркін пікір алмасып, сүйікті кітаптары туралы ойларымен бөлісті. Шара барысында кітапханашылар оқырмандарға кітап таңдауға бағыт-бағдар беріп, әр жастағы оқырманға лайықты әдебиеттерді ұсынды. Кітап фестиваліне қатысушылар үшін

бұл күн кітаппен жүздесіп қана қоймай, жаңа ой, жақсы әсер және рухани серпіліс сыйлаған ерекше күнге айналды. «Кітаппен бір күн – мың ойға бастар жол» фестивалі кітаптың адам өміріндегі маңызын айқындап, кітапхана – білім мен мәдениеттің, шығармашылық пен рухани дамудың ашық алаңы екенін тағы бір мәрте көрсетті. Кітаппен өткен әр сәт – жаңа ойдың бастауы. Ал кітап оқыған ұрпақ – білімді, ойлы әрі рухани бай ұрпақ.



ЕРІКТІ ЖАСТАР ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ АКЦИЯ ӨТКІЗДІ



Облыстық ақпараттық-насихат тобының Ойыл ауданына жасалған жұмыс сапары аясында белсенді жастар мен волонтерлер сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ауқымды ақпараттық акция ұйымдастырды. Акция барысында Ойылдағы ерікті жастар аудан тұрғындарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары мен құқықтық кеңестер жазылған арнайы флаерлер мен ақпараттық парақшалар таратты. Адам көп жиналатын

қоғамдық орындарға, сауда нүктелеріне және мемлекеттік мекемелердің ғимараттарына жемқорлықтан бас тартуға шақыратын айшықты плакаттар орналастырды. Бұл шараның басты мақсаты — әрбір азаматтың бойында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен «мүлдем төзбеушілік» қағидатын нығайту және мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді арттыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу — әрбір азаматтың міндеті. Таза қоғамды бірге құрайық!

КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІ: БАҚЫЛАУ, ҚОЛДАУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС

Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымының төрағасы Гүлмира Избағамбетова Сапақкөл орта мектебі мен Қараой мектеп-балабақшасына қоғамдық бақылау жүргізіп, ұжыммен кездесті. Қоғамдық бақылау барысында білім беру ұйымдарындағы еңбек жағдайы, қызметкерлердің әлеуметтік-құқықтық мәселелері, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарының сақталуы, ұжымдық шарттардың орындалуы және кәсіподақ мүшелерінің құқықтарының қорғалуы назарға алынды. Сонымен қатар, Гүл-

мира Избағамбетова мектеп ұжымдарымен кездесіп, кәсіподақ қызметінің негізгі бағыттары туралы баяндады. Кәсіподақ төрағасы ұжым мүшелерінің әлеуметтік және еңбек құқықтарын қорғау, қолайлы еңбек жағдайын қалыптастыру және кәсіподақ пен еңбек ұжымдары арасындағы өзара байланысты нығайтудың маңыздылығына тоқталды. Кездесу барысында педагогтар мен қызметкерлерді толғандырған мәселелер талқыланып, олардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды.

ҮЛКЕН ЖЕҢІСТЕРГЕ БАСТАҒАН ШАҒЫН ФУТБОЛ ТУРНИРИ



Өткен сенбі күні Ойыл селосындағы Б. Бақаев көшесінде орналасқан футбол алаңында мекемелер арасында аудан әкімінің жүлдесіне арналған аудандық футбол турнирі өтті. Жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімі А. Қазыбаев спортшыларға сәттілік тілеп, тартысты әрі тартымды ойын болуына тілектестік білдірді. Турнирге ауданның 10 мекемесінен команда қатысып, өзара бақ сынасты. Тартысты өткен ойындар нәтижесінде жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:

I орын – Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі; II орын – Ойыл газ шаруашылығы мекемесі; III орын – Ойыл аудандық орталық ауруханасы. Сонымен қатар турнирдің үздік ойыншылары арнайы аталымдармен марапатталды. Ұйымдастырушылардың ұйғарымымен Мағжан Беков турнирдің «Үздік ойыншысы» атанса, Досымжан Қабдуахитов «Үздік шабуылшы», Шоқан Тілеумағамбетов «Үздік қорғаушы», Саламат Тайғожиев «Үздік қақпашы» атанды.

ЖАЛҒАН ХАБАРЛАМАЛАР – АЛАЯҚТАРДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛІ

«ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» АҚ АЛАЯҚТАР EGOV, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ РЕТІНДЕ ӨЗ-ДЕРІН ТАНЫСТЫРЫП, АЗАМАТТАРҒА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАНБАНЫҢ (ЭЦҚ) ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАНЫН ХА-БАРЛАЙТЫН ЖАЛҒАН ҚОҢЫРАУЛАРДЫҢ ЖИІЛЕП КЕТКЕНІ ТУ-РАЛЫ ЕСКЕРТЕДІ.

Хабарласу барысында ала-яқтар телефон арқылы ЭЦҚ мерзімін «ұзартуды» немесе «қайта шығаруды» ұсына-ды және азаматтардан SMS арқылы келген кодпен опе-рацияны растауды сұрайды. ЭЦҚ-ны қайта шығару үшін бір ғана SMS-код жеткіліксіз екенін білу маңызды. Ол үшін белгіленген сәйкестендіру рәсімінен, оның ішінде биоме-триялық аутентификациядан өту қажет. Көбінесе алғашқы қоңырау алаяқтық схеманың бір бөлігі ғана болады. Оның мақсаты – азаматтың алаңдаушылығын туғызып, сеніміне кіру. Осы-дан кейін өзін «қауіпсіздік қы-зметінің жұмысшысы» ретін-де таныстырған екінші алаяқ қоңырау шалуы мүмкін. Ол қандай да бір қауіптің бар екенін айтып, дербес дерек-терге, SMS-кодтарға немесе пайдаланушының құрылғысы-на қол жеткізуге тырысады. eGov және 1414 байланыс ор-талығының, ХҚКО-ның, құқық қорғау органдарының қыз-меткерлері телефон арқылы SMS-кодтарды сұрамайты-нын, ЭЦҚ кілтін немесе оған арналған парольді беруді та-лап етпейтінін атап өтеміз. Осыған байланысты «ҰАТ» АҚ азаматтарды келесі қауіпсіздік шараларын сақтауға шақыра-ды:

- үшінші тұлғаларға SMS-код-тарды және ЭЦҚ деректерін

- хабарламау;
- бейтаныс қоңырау шалушы-лардың нұсқауларын орында-мау;
- күмәнді сілтемелерге өтпеу;
- белгісіз қосымшаларды орнатпауға және оларға өз құрылғыңызға кіруге рұқсат бермеу;
- ЭЦҚ-ның қолданылу мерзімін өз бетінше тексеруге және тек ресми сервистерді пайдалану. Мұндай қоңыраулар келіп түскен жағдайда әңгіме-ге кіріспеу, сұхбаттасушыға құпия деректерді бермеу және құқық қорғау органдарына жү-гіну ұсынылады. Егер сіз ала-яқтарға SMS-кодты хабарлап немесе ЭЦҚ деректерін беріп қойған болсаңыз, үрейлен-беңіз. SMS-кодты алудың өзі ЭЦҚ-ны қайта шығаруға не-месе несие рәсімдеуге мүм-кіндік бермейді. Маңызды операцияларды жүзеге асыру үшін жеке тұлғаны қосымша растау, оның ішінде биометри-ялық сәйкестендіру қажет. ЭЦҚ-ның қолданылу мерзімін eGov Mobile мобильді қо-сымшасындағы «Профиль» – «Менің ЭЦҚ-ларым» бөлімі-нен, сондай-ақ rki.gov.kz сайтында авторизациядан өткеннен кейін «Менің ЭЦҚ кілттерім» – «ЭЦҚ кілттерінің тізімі» бөлімінен тексеруге бо-латынын еске саламыз.

Анар МАҒЗУМОВА,
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік ком-муникациялар департаменті.

ОСТОРОЖНО, МОШЕННИКИ ПРЕДЛАГАЮТ «ПРОДЛИТЬ» ИЛИ «ПЕРЕВЫПУСТИТЬ ЭЦП»

АО «НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» СООБЩАЕТ ОБ УЧАСТИВШИХСЯ СЛУЧАЯХ МОШЕННИЧЕСКИХ ЗВОНКОВ, В ХОДЕ КОТОРЫХ ЗЛОУМЫШЛЕННИКИ ПРЕДСТАВЛЯЮТСЯ СОТРУДНИКАМИ EGOV, ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ И СООБЩАЮТ ГРАЖДНАМ ОБ ОКОНЧАНИИ СРОКА ДЕЙСТВИЯ ЭЛЕКТРОННОЙ ЦИФРОВОЙ ПОДПИСИ (ЭЦП).

В ходе разговора мошени-ки предлагают «продлить» или «перевыпустить ЭЦП» по телефону и просят под-твердить операцию кодом из SMS. Важно знать: одного SMS-кода недостаточно для перевыпуска ЭЦП. Для этого необходимо пройти установ-ленную процедуру иденти-фикации, включая биометри-ческую аутентификацию. Нередко первый звонок явля-ется лишь частью мошенич-еской схемы, направленной на то, чтобы вызвать тревогу и войти в доверие к человеку. После этого может позво-нить второй мошенник - под видом сотрудника службы безопасности он сообщает о якобы существующей угрозе и пытается получить доступ к персональным данным, ко-дам из SMS или устройству пользователя. Отмечаем, что сотрудники eGov и контакт-центра 1414, ЦОНов, правоохранительных органов не запрашивают по телефону SMS-коды, не про-сят передавать ключ ЭЦП или пароль к нему. В связи с этим АО «НИТ», призывает граждан соблю-дать следующие меры безо-пасности:

- не сообщать третьим лицам SMS-коды и данные ЭЦП;
- не выполнять инструкции неизвестных звонящих;

- не переходить по подозри-тельным ссылкам;
- не устанавливать неизвест-ные приложения и не предо-ставлять им доступ к своему устройству;
- самостоятельно проверять срок действия ЭЦП и пользо-ваться только официальны-ми сервисами.

При поступлении подобных звонков рекомендуется не начинать разговор, не пе-редавать собеседнику кон-фиденциальные данные и обратиться в правоохрани-тельные органы. Если вы сообщили моше-никам код из SMS или пере-дали данные ЭЦП, не под-давайтесь панике. Само по себе получение SMS-кода не позволяет перевыпустить ЭЦП или оформить кредит. Для совершения значимых операций требуется допол-нительное подтверждение личности, включая биоме-трическую идентификацию. Напоминаем, что проверить срок действия ЭЦП можно в мобильном приложении eGov Mobile в разделе «Про-филь» – «Мои ЭЦП», а так-же на сайте rki.gov.kz после авторизации в разделе «Мои ключи ЭЦП» – «Список ключей ЭЦП».

Анар МАҒЗУМОВА,
Департамент корпоративных коммуникаций АО «НИТ».

«БЖЗҚ» АҚ ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ УАҚТЫЛЫ РӘСІМДЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ЕСКЕ САЛАДЫ

БЖЗҚ-да міндетті және (немесе) мін-детті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жинақтары бар, зейнет жа-сына жеткен азаматтар белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемдерін алуға құқылы. Бұл құқық мүгедектігі мерзімсіз белгіленген І және ІІ топтағы азаматтарға да беріледі. 2026 жылы зейнет жасы ерлер үшін – 63 жас, әйелдер үшін – 61 жас. Зейнетақы төлемдерін рәсімдеу үшін тұрғылықты жеріңіз бойынша ХҚКО-ға алдын ала жүгінуге болады. Құжаттар мен өтінішті зейнет жасына толуға 10 күн қалғанда тапсыруға мүмкіндік бар. Сонымен қатар зейнет жасына толуы-на 2 ай қалғанда eGov-тағы мобильді азаматтар базасында тіркелген немір-ге 1414 нөмірінен SMS-хабарлама жі-беріледі. Егер азамат зейнет жасына жетіп,

БЖЗҚ-дағы жинақтарын алу үшін өтініш бермесе, БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп қажетті тек-серу жүргізеді. Талаптар орындалған жағдайда төлем өтініш бермей-ақ, автоматты түрде тағайындалады. 2026 жылғы наурыздан бастап мұн-дай тәртіп ерікті зейнетақы жарна-лары (ЕЗЖ) есебінен қалыптасқан жинақтарға да қолданылады. ЕЗЖ есебінен төлемдерді 50 жасқа толуы-на немесе мүгедектіктің белгіленуіне байланысты алу үшін БЖЗҚ-ға жүгіну-ге болады. Қызметтерді БЖЗҚ бөлім-шелерінен, сондай-ақ ЭЦҚ арқылы жеке кабинеттен немесе мобильді қо-сымшадан алуға мүмкіндік бар. Қажетті құжаттар тізімі мен оларды алдын ала тексеру мүмкіндігі БЖЗҚ сайтындағы «Электрондық серви-стер» бөлімінде қолжетімді.

АО «ЕНПФ» НАПОМИНАЕТ О ВАЖНОСТИ СВОЕВРЕМЕННОГО ОФОРМЛЕНИЯ ПЕНСИЙ

ЕНПФ напоминает, что лица, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ, сфор-мированные за счёт обязательных пен-сионных взносов и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов, и достигшие общеустановленного пен-сионного возраста, а также лица с инва-лидностью первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно, имеют право на получение пенсионных выплат из ЕНПФ по установленному гра-фику. Напомним, что в 2026 году общеустанов-ленный пенсионный возраст составляет: для мужчин – 63 года, для женщин – 61 год. Для назначения пенсионных выплат в связи с достижением пенсионного воз-раста необходимо своевременно об-ратиться в ЦОН по месту жительства. Документы вместе с заявлением можно подать за 10 дней до достижения пенси-онного возраста. Пенсия назначается со дня обращения. При обращении до достижения пенсион-ного возраста днем обращения считается дата наступления пенсионного возраста. Будущим пенсионерам, чьи номера те-лефонов зарегистрированы в базе мо-бильных граждан eGov, за 2 месяца до достижения пенсионного возраста на-правляется SMS-уведомление с номера 1414 о необходимости своевременного

обращения в ЦОН. Если гражданин достиг пенсионного возраста, имеет пенсионные накопления в ЕНПФ, но не обратился за их выпла-той, Фонд совместно с Государственной корпорацией ежегодно проводит сверку. При наличии необходимых условий вы-платы назначаются в проактивном фор-мате – без заявления. С марта 2026 года аналогичный без-заявительный порядок действует и в отношении пенсионных накоплений, сформированных за счёт добровольных пенсионных взносов (ДПВ). За выплата-ми за счёт ДПВ в связи с установлением инвалидности или достижением 50-лет-него возраста необходимо обратиться в подразделение ЕНПФ либо через личный кабинет на сайте enpf.kz или мобильное приложение ЕНПФ с использованием ЭЦП. Для лиц с инвалидностью в ЕНПФ ор-ганизовано выездное обслуживание. Также проводится предварительная Консульта-ция и проверяется возможность получе-ния услуги дистанционно. Перечень необходимых документов, тре-бования к их оформлению, бланки заяв-лений и образцы заполнения размещены на сайте ЕНПФ. В разделе «Электронные сервисы» доступна предварительная проверка документов для получения пен-сионных выплат.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫН СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУҒА БЕРУ: АҚШАНЫҢ ЖЕЛГЕ ҰШПАЙТЫНЫНА ҚАНДАЙ КЕПІЛДІК БАР?



7 қыркүйектен бастап қазақстан-дықтар БЖЗҚ-дағы жинағының 100 пайызына дейін инвестици-ялық портфельді басқарушы-ларға (бұдан әрі ИПБ) бере ала-ды. Бұған дейін ИПБ-ға жинақтың 50 пайызына дейін ғана басқарту мүмкін болса, енді бұл шек алы-нып тасталады. БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақта-рын қазір негізінен Ұлттық банк басқарады. Яғни салымшының ақшасы жай ғана шотта жатпай-ды – ол түрлі қаржы құралда-рына инвестицияланып, табыс әкелуге жұмыс істейді. Енді са-лымшыға осы жинақты басқару тәсілін таңдауға 100 пайыз мүм-кіндік беріліп отыр. Басқаша ай-тқанда, ақшаны Ұлттық Банктің басқаруында қалдыруға немесе ИПБ-ға беруге таңдау пайда бо-лады. Бұл таңдаудың мәні – қай нұсқада тәуекел мен ықтимал табыс арақатынасы өзіңізге қо-лайлы екенін анықтау. Сондықтан ИПБ-ға ақша беру туралы шешім қабылдамас бұрын, оның қалай жұмыс істейтінін және жинақтың қандай қорғаныс тетіктері барын түсініп алған жөн.

Ұлттық банк кімге кепілдік бе-реді?

Ұлттық Банктің басқаруында қалған зейнетақы жинақтарына мемлекеттік кепілдік сақталады. Ал салымшы ИПБ-ның басқаруы-на берген жинақтарға бұл меха-низм қолданылмайды. Оның ор-нына ИПБ заңнамада белгіленген ең төменгі кірістілікті қамтамасыз етуге жауапкершілік алады. Бұл мемлекеттік кепілдіктен басқа тетік.

ИПБ банкрот болса, жинақ не болады?

Мысалы, БЖЗҚ-да 5 млн теңге жинағы бар салымшы осы ақша-ны ИПБ-ның басқаруына берді дейік. Бұл ақша оның меншігінде-

гі қаражаттан бөлек есепке алы-нып, банктегі арнайы бөлінген шотта сақталады. Тіпті ИПБ-ның өз қарызы көбейіп кетсе неме-се ол банкротқа ұшыраса да са-лымшының зейнетақы активтері-не қол тигізуге хақысы жоқ. ИПБ қызметін тоқтатқан жағдай-да да зейнетақы активтерін басқа басқарушыға немесе Ұлттық Банктің басқаруына беру меха-низмі қарастырылған. Яғни «ИПБ банкрот болды – 5 млн теңге түгел жоғалды» деген сценарий мүмкін емес. Алай-да бұдан «5 млн теңге қандай жағдай болса да сол қалпында сақталады» деген қорытынды жа-сауға болмайды. Өйткені ИПБ зейнетақы актив-терін қаржы құралдарына инве-стициялайды. Олардың бағасы нарыққа байланысты өсіп те, төмендеп те отырады. Мысалы, 5 млн теңге инвестици-яланғаннан кейін нарық қалысyz болып, портфельдің қаржытық құны уақытша төмендеуі мүмкін. Осы жерде жаңа жүйенің тағы бір маңызды элементі – композиттік индекс пайда болады.

Композиттік индекс не үшін керек?

Қарапайым тілмен айтқанда, ком-позиттік индекс – ИПБ-ның нәти-жесін салыстыратын өлшем. ИПБ «өзім қанша табыс таптым, соған қарай бағаланды» деп жұ-мыс істемейді. Оның нәтижесі ал-дын ала белгіленген композиттік индекспен салыстырылады. Бұл деңгейді Қазақстанның Қаржы нарығын реттеу және да-мыту агенттігі белгілейді. Яғни ИПБ өзіне тиімді көрсеткішті өзі таңдап алмайды. Ең маңыздысы – композиттік индекс ИПБ-ның міндетті түрде дәл сол пайыздық табысты көрсетуі керек деген сөз емес. Ол ең төменгі кірістілік дең-

гейін есептеуге негіз болады. Мысалы, 12 айлық кезең үшін композиттік индекс 10 пайыз өссе, ИПБ үшін ең төменгі кірістілік деңгейі оның 95 пайызынан кем болмауы шарт – яғни, 9,5 пайыз. Ал нарық керісінше төмендесе, композиттік индекс те теріс мәнді нәтиже көрсетуі мүмкін.

ИПБ-ның өз нәтижесі төмен болып шықса ше?

Егер ИПБ-ның кірістілігі агенттік белгілеген ең төменгі деңгейден төмен болса, пайда болған теріс айырманы ИПБ өзінің капиталы есебінен өтеуге тиіс. Бұл ретте «ИПБ-ның капиталы жетпей қал-са не болады?» деген сұрақ туын-дайды. Ұлттық банктің арнайы қаулысы ИПБ-ға теріс айырманы өз капиталымен өтеу міндетін жүктейді, бірақ оның капиталы жеткіліксіз болған жағдайда жет-пеген соманы мемлекет автомат-ты түрде өтейді деген жалпы кеп-ілдік көзделмеген. Бірақ ИПБ-ның меншікті капиталына қойылатын талап бар. Яғни басқарушының өзінде салымшылар алдындағы осындай міндеттемелерді орын-дауға мүмкіндік беретін жеткілікті қаржы болуы керек. Зейнетақы активтерін сенімгер-лік басқаруға қабылдайтын ИПБ-ның меншікті капиталы кемін-де 440 мың АЕК (быыл 1 млрд 903 млн теңге) болуға тиіс. Бұ-дан бөлек, ИПБ-ның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын пруденциальқ нормативтер де бар. Бұл механизмді қарапайым тіл-мен былай түсіндіруге болады: ИПБ инвестициялайды → оның нәтижесі композиттік индекске негізделген ең төменгі кірістілік деңгейімен салыстырылады → нәтиже белгіленген деңгейден төмен болса, теріс айырманы ИПБ өз капиталымен өтеуге тиіс. ИПБ-ның салымшы алдындағы осындай міндеттемесін орында-уға өз қаржысы болуы керек. ИПБ-ның инвестициялық қызметі бірқатар нормативтік талаппен шектелген. Зейнетақы активтерін кез келген қаржы құралына са-луға болмайды – инвестицияла-уға рұқсат етілген құралдардың тізібесі заңнамада белгіленеді. Сонымен бірге активтердің бір себетте шамадан тыс шоғырла-нуына лимиттер қойылған. Бұл барлық ақшаны бір компанияның бағалы қағаздарына салып қою

сияқты тәуекелді шектейді. Бұған қоса, ИПБ портфельінің тәуекел деңгейі де бақылана-ды. Инвестициялық портфельдің стандартты ауытқумен өлшенетін тәуекел көрсеткіші тиісті компо-зиттік индекстің тәуекел көрсет-кішінен қатарынан 12 ай ішінде 1,2 еседен артық болмауға тиіс. Яғни ИПБ жоғары табыс табамын деп, тәуекелді шексіз арттыра алмайды. Оған қоса, ИПБ-ның өзінің қаржылық тұрақтылығына және меншікті капиталына қой-ылатын талаптар бар. Осының бәрін қосқанда, жүйе ИПБ-ға са-лымшының ақшасын кез келген тәсілмен инвестициялауға еркін-дік бермейді.

ИПБ-лар қазір қандай стратегия ұстанып отыр?

Салымшыға ИПБ таңдағанда тағы бір маңызды нәрсеге – ин-вестициялық стратегияға қарау керек. Оны оқырманға түсінікті болу үшін шартты түрде сақ, бай-ыпты және өжет стратегия деп си-паттауға болады. Ал invest.enpf.kz ресурсындағы мәліметтерге қарасақ, қазір жұмыс істеп тұран ИБ-лардың бір бөлігі сақ, екін-ші бір бөлігі байыпты стратегия ұстанады. Ki(12) – шартты түрде «сақ» порт-фель. Оның композиттік индексінде:

- 60% – Қазақстанның мемлекеттік бағалы қағаздарына қатысты KZGB_DPs индексі;
- 20% – әлемдік облига-цияларды көрсететін Bloomberg Global Aggregate;
- 10% – KASE акциялар индексі;
- 10% – әлемдік акциялар-ды көрсететін MSCI ACWI.

Яғни индекстің 80 пайызы облига-циялардан, 20 пайызы акциялар-дан тұрады. Ki(36) – шартты түрде «байыпты» портфель. Мұнда акциялардың үлесі 60 пайызға, облигациялар-дың үлесі 40 пайызға жетеді. Ki(60) – шартты түрде «өжет» портфель. Мұнда акциялардың үлесі 80 пайыз, облигациялардың үлесі 20 пайыз болады. Бұл ИПБ нақты салымшының 5 млн теңгесін дәл осындай про-порциямен акциялар мен облига-цияларға бөледі деген сөз емес. Тек тиісті портфельдің нәтиже-сін бағалау үшін қолданылатын композиттік индекстің құрылымы

ғана. Ал ИПБ нақты қандай активтерге және қандай көлемде инвестиция жасайтынын өзінің инвестици-ялық стратегиясы мен деклара-циясы айқындайды.

Сарапшы кеңесі

Экономист Мақсат Халық 7 қы-ркүйекте күшіне енгізілген бұл жаңашылдықты зейнетақы жи-нақтарының нарығын өзгертіп жі-беретін соншалық бір позитивті бетбұрыс деп есептейтінін ай-тады.

- Мемлекет 100 пайыз рұқсат берді екен деп жинақты түгел басқа басқарушыға бере салу дұрыс емес. Жақсы ойыншы кел-генін күтіп, «Ұлттық банк басқа-руында отыра тұрайық» деген де ұтымды шешім болмауы мүмкін. Ондай мүмкіндік беріліп тұрған-нан кейін зейнетақының біраз бөлігін тәжірибе жинақтап, инве-стициялық сауат ашу мақсатын-да ИПБ-ға беруге болады. Яғни, танымыңызды кеңейту үшін жи-нақтың бір бөлігін басқартып көру қажет.
- Өйткені инвестициялық сауат-тылық әр адамға керек. Ерте ме, кеш пе, бұл тақырыпқа әркім келуі керек деп ойлаймын. Неғұрлым ертерек келсе, соғұрлым өзіне жақсы. БЖЗҚ-да бос ақшаңыз тұрған кезде бір бөлігін сенімгер-лік басқаруға беріп, тәжірибе жасаған дұрыс деп есептеймін, - дейді Sana Business Academy

негізін қалаушы. Сондай-ақ, ол ИПБ таңдаған кез-де қандай көрсеткіштерді негізге алу қажет екенін атап өтті.

- ИПБ-ны таңдаған кезде жас салымшыларға тәуекелге барып, түрлі ИПБ-ның кабинетін тексеріп көруге болады. Ал жасы 40-тан асқан салымшылар ондай тәу-екелшілдікке бармағаны жөн. ИПБ-ны таңдаған кезде ақшаны салмай тұрып, одан портфельдің неше пайызы қандай құралдан жасақталғанын сұрау керек. «Бір жылда 15, 20 пайыз кіріс көр-сеттік» деп жарнамалап жатады ғой. Ондай кірістіліктің қандай тәуекелдермен алынғанын сұрау қажет. Өйткені қатты тәуекелге баратын компаниялар көп табыс табады, табысы тұрақты болады деген ереже жоқ. Кей жағдайда тұрақты, тәуекелі байыпты ком-паниялар ұзақ мерзімде табысты болып шығуы мүмкін. Көп адамдар бір жыл бұрын қай ИПБ көбірек табыс берсе, соны таңдай салып жатады. Ақша сал-май тұрып тағы да сол кірістілік қандай тәуекелдер есебінен, тилық әр адамға керек. Ерте ме, кеш пе, бұл тақырыпқа әркім келуі керек деп ойлаймын. Неғұрлым ертерек келсе, соғұрлым өзіне жақсы. БЖЗҚ-да бос ақшаңыз тұрған кезде бір бөлігін сенімгер-лік басқаруға беріп, тәжірибе жасаған дұрыс деп есептеймін, - дейді сарапшы.

Есімхан НАҚТЫБАЙ
kaz.info.m.kz



ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ - БАРЛЫҚ БЕЛЕСТІҢ БАСПАЛДАҒЫ



Адам өмірінде таңдаған мамандығына адал болып, сол жолда бар күш-жігерін жұмсап, ел игілігі үшін еңбек ету – үлкен бақыт. Әсіресе, ұрпақ тәрбиесімен байланысты ұстаздық жолды таңдау – жүректің батылдығы мен жан дүниенің тазалығын талап ететін қасиетті мамандық. Осындай саналы ғұмырын білім мен тәрбие ісіне арнап келе жатқан жанның бірі – Жанат Қожантаева.

Жанат Әбибуллақызы 1976 жылы Сыр өңірінің Шиелі ауданындағы Ортақшыл ауылында дүниеге келді. Ауыл мектебінен білім алды. 1992 жылы №150 Ортақшыл орта мектебін тәмамдаған жас талапкердің жүрегіне бала тәрбиесіне, білім беру ісіне деген ерекше құштарлық пайда болды. Осы арман оны ұстаздық мамандыққа жетеледі. 1994 жылы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Педагогика факультетіне оқу түседі. 1998 жылы жоғары оқу орнын тәмамдайды.

Алайда әр адамның өмір жолында тағдыр сыйлаған өзіндік белестер мен жауапты кезеңдер болады. 1998–2000 жылдары бала күтімімен айналысып, Жанат Қожантаева 2000 жылы Ақтөбе облысы Ойыл ауданындағы Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебіне жұмысқа қабылданып, ұстаздық еңбек жолын бастады.

2007 жылы «Балдәурен» балабақшасына меңгеруші болып

ауысты. Бұл қызметте бес жыл бойы еңбек етіп, балабақша ұжымына басшылық жасады. Басшылық қызмет – тек басқару ғана емес, әр адамның қабілетін танып, ұжымның бірлігін сақтап, ортақ мақсатқа жұмылдыра білу. Осы жылдары Жанат Қожантаева өзінің ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлік қасиетін таныта білді. 2012 жылы ол қайтадан мектеп қабырғасына оралып, оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары қызметін атқарды. Ал, 2013 жылдан бастап Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінде әлеуметтік педагог болып еңбек етті. Бұл қызметте де ол өзінің адамгершілік қасиеті мен кәсіби шеберлігін көрсете білді.

Өмір жолындағы ана болу бақыты мен ұстаздық міндетті қатар алып жүрген жан 2015 жылдан бастап бастауыш сынып мұғалімі ретінде еңбек жолын жалғастырып келеді. Бүгінде ол кішкентай бүлдіршіндердің білім әлеміне алғашқы қадам жасауына жол көрсетіп, олардың бойына адамгершілік, ізгілік, отансүйгіштік қасиеттерді сіңіруге аянбай еңбек етуде.

Жанат – өз ісінің шебері, білімі мен тәжірибесін шәкірттеріне жүрекпен жеткізетін білікті ұстаз. Еңбегіңіз жемісті болып, шәкірттеріңіздің жетістігі қуанта берсін!

А.БЕГАЛИНА,
Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің бастауыш кәсіподақ төрағасы.

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ: ЖОСПАРЛАУДАН БАҚЫЛАУҒА ДЕЙІН

Өткен аптада Ойыл ауданының білім бөлімі әдістемелік кабинеті тарапынан 2026–2027 оқу жылына арналған кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруға бағытталған аудандық жұмыс отырысы өткізілді. Отырысқа аудан мектептерінің кәсіби бағдар беруге жауапты педагогтер қатысты. «Мектепте кәсіби бағдар беруді жүйелі ұйымдастырудың нұсқаулығы:

жоспарлаудан бақылауға дейін» тақырыбындағы отырыста әдістемелік нұсқау хат негізінде мектептердің жылдық жұмыс жоспарлары талданып, кәсіби бағдар беру жұмысының негізгі бағыттары түсіндірілді. Негізгі мақсат – мектептерде кәсіби бағдар беру жұмысын бірізді, жүйелі және нәтижеге бағытталған түрде ұйымдастыру.

«OYUL LIVE» - ЕКІ КЕЗЕҢНІҢ «КӨПІРІ»

Өткен жұма күні Ойыл ауданында тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мақсатында Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы саябақта «Oyul Live» мәдени жобасының маусымы аясында керемет кеш өтті. Ойыл ауылдық округі мен Ойыл кәсіптік колледжі көпшілікке концерттік бағдарлама ұсынып, әсем әндер мен көркем музыкалық шығармаларды орындады. Ашық аспан астында өткен кеш көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, аудан тұрғындарының ыстық ықыласына бөленді.

Концерттік бағдарламада

көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлаған мазмұнды мәдени шара болды. Уақытпен үндескен бұл кеш өткен мен бүгінді жалғап, сағынышқа толы сәттерді жаңғыртты. Сахналық көріністер мен музыкалық композициялар үйлесімді өріліп, көштің мазмұнын байыта түсті.

Бағдарлама барысында әр кезеңнің жүректерден орын алған әуендері орындалып, көрермендерге өткен жылдардың әсерлі сәттерін еске түсіруге мүмкіндік берілді. Мұндай мәдени көштер ауданның рухани өмірін байытып, өнерге деген құрметті арттыра түсетіні анық.



ҚАЗАҚСТАНДА ӨЗ ЖЫЛДАН БЕРІ БОЛМАҒАН ЖЫЛЫМЫҚ ТІРКЕЛДІ

2025 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА ОЗОНДЫ БҰЗАТЫН ЗАТТАРДЫ ТҰТЫНУ КӨРСЕТКІШІ 0-ГЕ ТҮСТІ. БҰЛ ТУРАЛЫ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМАДА АЙТЫЛҒАН.

Сондай-ақ, ұлттық баяндамада Қазақстан аумағының басқа елдерге қарағанда жылдамырақ жылдып жатқаны атап көрсетілген. «Қазгидромет» деректеріне сәйкес, 1976-2025 жылдары елдегі ауа температурасы әр он жыл сайын орта есеппен 0,4°С-қа көтерілген. Ал 2025 жылдың орташа жылдық температурасы климаттық нормадан 2,96°С жоғары болды. Баяндамада бұл жыл 1941 жылдан бергі жылы жыл деп көрсетілген.

Бұл жерде мәселе бір жылдағы ыстықтың күшеюінде ғана емес. Температура ондаған жыл бойы біртіндеп өсіп келеді. 2025 жыл сол ұзақ мерзімді өзгерістің ең айқын көрініген кезеңі болды. Жылдың жекелеген кезеңдерінде жылыну одан да қатты сезілді. Мысалы, 2025 жылғы көктемде Қазақстан бойынша температура климаттық нормадан 4,12°С жоғары болды. Ақмола облысында көктемгі ауытқу 5,03°С, Қостанай облысында 5°С, Қызылорда облысында 5,26°С жетті. Мұндай өзгеріс көктемнің ертерек келуімен ғана шектелмейді. Жылудың күшеюі топырақтағы ылғалдың теріске жоғалуына, өсімдіктердің өзге қурап, өрт қаупінің жоғарылауына әсер еткен. 2025 жылы өңірлер арасындағы жауын-шашын көрсеткіштерінің айырмашылығы өте үлкен болды. Республика бойынша жылдық жауын-шашын 296 мм, яғни норманың 93%-ына жетті.

Соның ішінде Жамбыл облысында жауын-шашын норманың небәрі 45%-ын, Түркістан облысында 55%-ын, Ұлытауда 71%-ын орындады. Ал Солтүстік Қазақстанда керісінше норма 125%, Павлодарда 131%, Шығыс Қазақстанда 118% орындалды. Сонда бір өңірде ылғал артық түссе, екінші жерде қатты тапшылық байқалған.

Экологтар 2025 жылы 40 метеостанцияда ылғал жағдайы

өте құрғақ жылдардың қатарына кіргенін, ал 10 станцияда жауын-шашынның ең төменгі рекордтық көрсеткіштерін тіркеген. Ал солтүстік пен шығыста кейбір станцияларда керісінше жауын-шашын соңғы жылдардағы ең ылғалды деңгейлердің қатарына енген.

2025 жылы Қазақстанның орман қорында 618 өрт тіркелді. Бұл 2024 жылғы 294 өртпен салыстырғанда 2,1 есе көп. Өрт шарпыған аумақ та ұлғайған: 2024 жылғы 44 990 гектардан 2025 жылы 63 346 гектарға жетіп, 41% өсті. Ал келтірілген залал 534,2 млн теңге болып, бір жылда 5,2 есе артты. Баяндамада аумағы 25 гектардан асатын 81 ірі өрт тіркелгені көрсетілген. Оның 33-і Жамбыл облысында, 9-ы Ақтөбе облысында, 5-еуі Атырау облысында, 4-еуі Қызылорда облысында болған. Өрттер ұлттық парктар мен ерекше қорғалатын аумақтарды да қамтыған.

Қар мен бұршақ аномалиясы еселеп артып келеді

2025 жылы Қазақстан аумағында 135 қолайсыз гидрометеорологиялық құбылыс тіркелді. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 55 жағдайға аз. Ең жиі байқалған құбылыстар қатарында қатты жел, нөсер жаңбыр, қатты боран, қалың қар, тұман және бұршақ бар. Құбылыстардың жыл ішіндегі таралуы да біркелкі болмаған. 2025 жылы олардың ең көп саны қаңтарда – 17 жағдай, ал ең азы қыркүйек пен қазанда – 4 жағдайдан тіркелді.

Ұзақ мерзімді динамикада, керісінше, кейбір қауіпті құбылыстардың жиілегені байқалады. 2009-2025 жылдарды 1992-2007 жылдармен салыстырғанда, қатты қар мен қатты желден болған құбылыстар саны 1,5 есе, бұршақ 1,4 есе, ал қатты жаңбыр 22% артқан. Бұл ретте қатты тұман жағдайлары 2%, қатты боран 27% азайған.

2025 жылы Қазақстанда жел жылдамдығы секундына 30 метр және одан жоғары болатын 78 қатты жел тіркелді. Оның жартысынан астамы Жетісу облысына тиесілі – мұнда 50 жағдай болған. Одан кейін Алматы облысында – 10, Жамбыл облысында – 7, Солтүстік Қазақстан облысында – 6 жағдай тіркелді. Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда облыстары мен Абай облысында мұндай жағдайлар 1-2 реттен болған.

Қатты желдің ең ұзақ үздіксіз соғуы Солтүстік Қазақстан облысындағы Чкалов метеостанциясында 20 сағат 56 минутқа созылған. Ал желдің ең жоғары жылдамдығы Жетісу облысындағы Достық автоматты метеостанциясында 40,1 м/с деңгейінде тіркелді.

2025 жылы Қазақстанда тіркелген 135 қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстың 78-і, яғни 58%-ға жуығы қатты желге тиесілі. Екінші орында қатты жаңбыр – 20 жағдай (14,8%), одан кейін қатты тұман – 14 жағдай (10,4%) және қатты боран – 12 жағдай (8,9%). Осы төрт құбылыстың өзі жыл бойы тіркелген жағдайлардың 92%-ын құраған. Қалған 8%-ға жуығы бұршақ, қатты қар, көктайғақ және басқа да құбылыстардың үлесінде.

Быыл Астанада өткен өңірлік экологиялық саммитте 2007 жылы Нобель сыйлығының лауреаты Рэ Квон Чун климаттық сын-қатер көркірүйек пен қазанда – 4 жағдайдан тіркелді. Ал ұзақ мерзімде экология мен климат саласы экономикалық өсімінң жаңа драйверіне айнала алады. Мұның айқын мысалы — Қытай: мемлекет қолдауының арқасында ол климаттық технологиялар бойынша әлемдік көшбасшыға айналды. Ал Орталық Азия елдері үшін бірлескен әрекет аса маңызды. Жеке-жеке қимылдау жеткіліксіз, өңірлік

ынтымақтастық қажет. Сонымен қатар мемлекеттік саясаттың өзі жеткіліксіз. Жасыл экономиканы дамыту үшін бизнес пен қоғам белсенді қатысуы керек. Негізгі рөл — тұтынушыларда: егер олар экологиялық таза өнімдерді таңдаса, нарық та соған бейімделеді. Осыған байланысты «бәрі өзіңнен басталады» қағидасы маңызды. Әр адам сырттай бақылаушы болмай, жауапкершілікті бөлісуі тиіс. Экологиялық таза өнім қымбатырақ болса да, саналы түрде соны таңдауға дайын болу қажет, – деген болатын ғалым.

Сирек кездесетін жануарлар саны артқан

2025 жылы Қазақстанда киік санының өсуі жалғасты. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегінең, жыл қорытындысында елдегі киік саны 3,908 млн басқажетті. Оныңішінде Орал популяциясы – 2,3 млн, Бетпақдала популяциясы – 1,6 млн, Үстірт популяциясы – 78 мыңбас болған. Басқа да сирек кездесетін жануарлар популяциясында айтарлықтай көрсеткіш қалыптасқан. 2025 жылғы есеп бойынша құлан саны – 4 702, қарақұйрық – 16 122, тағай бұғысы – 1 240, тау арқары – 21 586, қар барысы – 189 болды.

2025 жылы Қазақстанда 53,5 млн гектар ауыл шаруашылығы жері зерттелген. Соның ішінде қатты деградацияға ұшыраған жер көлемі 2,754 млн гектар болған. Бұл зерттелген аумақтың шамамен 5,1%-ы деген сөз. Қатты деградацияланған жердің негізгі бөлігі желдің әсерінен тозған. Желдің кесірінен құнарлы қабаты арсылған топырақ көлемі 1,827 млн гектар, яғни осы санаттағы жердің 66%-ына тең. Тұзданған жер көлемі – 857,5 мың гектар (31%), ал су эрозиясына ұшыраған жер – 69,7 мың гектар (2,5%).

«Қазақпарат»

«МЕНИҢ АНАМ — АЛТЫН!»



Оқушы кездегі күзгі күн еске түсті.

Ызғар сәл сезілгеннен от жағамыз. Кешқұрым шақ, Пеште жыл-соң бірін салып алады. Таба нан тылдап от жанады. Ағаш салса, шытыр-шытыр дыбыс шығады. Апам күндіз тары қуырған, оның шоғына екі таба нанды бірінен соң бірінен салып алады. Таба нан қызарып пісіп, сырты қытырлап, іші үлпілдеп тұрады. Дастарханға сары май қояды. Міндетті түрде «Ақ лақ, сары лақ қылып жеп алыңдар» деп айтады. Дәмділігін сөзбен айтып жеткізу қиын.

Кейде жарық сөніп қалады. Сумандаған жылан тіліңдей пештегі оттың көлеңкесі қабырғаға түседі. Үйдің іші самаладай болмаса да, жарқырап тұрғандай қуанып отырамыз. Май шам жағамыз. Шоқ табада ызылдап шайнек қайнап тұрады. «Керосинка» деп атайтынбыз, оған аққұман қайнатамыз. Міндетті түрде дастарханнан күтірлеп тұрған тары арылмайды (тарыға әбден үйреніп кеткеніміз сондай, әлі күнге дейін тарысыз шай іше алмаймыз). Жаңа ғана сауып алған сүтті тартып, қаймағын қою күрең шайға құйып, дастархан басында қауқылдасып отырамыз.

Көктемде өзен жағасына ойылдықтар картоп егеді. Біз де 10 сотық жерге картоп салып, ала жаздай баптаймыз. Күзде өнімді мол аламыз. Қазып алған бойда аулада үшке бөліп жайып кептіріп аламыз. Келер жылға егетін тұқымдық картопқа ірілерін бөлек, өзіміз жеуге ірілі-усағын бөлек алып, «погребке» саламыз.

Жылтылдап жаңған пештен шыққан жылуды сезініп, кешкі

Олия ҰЛЫҚТАНОВА.

ЖЕМҚОРЛЫҚ - ӘЛЕМНІҢ ДЕРТІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЗАМАН АҒЫМЫМЕН БІРГЕ ӨСІП, МОЛ ҚАРАЖАТ ЖӨНЕ ҚОҒАМДЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІК ПАЙДА БОЛҒАН ЖЕРЛЕРГЕ ТАМЫРЫН ЖАЙЫП, БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖОЙЛМАЙ ОТЫРҒАН КЕСЕЛДЕРДІҢ БІРІ. БҰЛ КЕСЕЛ ДАМУШЫ ЕЛДЕРДЕГІДЕЙ БІЗДІҢ ЖАС МЕМЛЕКЕТІМІЗГЕ ДЕ ОРАСАН ЗОР НҰҚСАН КЕЛТІРІП ОТЫР.



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуіміз қажет.

Бұл заңның мақсаты - азаматтардың құқықтары мен болашақ жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін

қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, соған байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

Бұл заңның ерекшелігі сол, лауазым иелерінің қызмет бабын жеке басының мақсаттарына пайдалануына, көлеңсіз әрекеттеріне адамдар өз құзіреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізуге міндетті. Кез-келген өркениеті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. Осыған орай сыбайлас жемқорлыққа қоғам болып белсенділік танытып, қарсы тұруымыз қажет!

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.